

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ТАСТҮЙІН
ДАЙЫНДЫҚ

5



САРАПТАМА

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК БАУЫРЛАСТЫҒЫ

Алматыдағы бейресми кездесудің мәні неде?



29 наурызда Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Қазақстанға жұмыс сапарымен келді. Мәртебелі мейманды Алматы әуежайында еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қарсы алды. Сапар барысында мемлекеттер басшылары бейресми кездесу өткізіп, қаладағы бірқатар нысанды аралады.

Ең алдымен Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Алматы тау шаңғысы кластерімен танысты. Президенттерге Алматы тау кластерін одан әрі дамыту перспективасы туралы мәлімет берілді. Одан кейін Президенттер «Медеу» спорт кешені мен AlmatyFairai көрмесіне барды. Жұмыс сапары Әбілхан Қастеев пен Орал Таңсықбаевтың туындыларын тамашалаумен аяқталды.

Екі ел басшысының Алматы қаласындағы кездесуінің мәні мен маңызы, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық, одақтастық қарым-қатынастарының дамуы жайында басылым сарапшылары талдауын 2-3-ші беттерден оқи аласыздар.

2-3

ӘЛЕУМЕТ

АЛМАТЫ – МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Шаһарда 2025 жылы 87 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады

Биыл Алматыда Жұмыс Борындарын құрудың өңірлік картасы аясында 87 226 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда, оның 84%-ы немесе 73 293-і тұрақты болады. Бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында хабарлады.

Жұмыспен қамту шаралары 32 мың адамды қамтиды. Олардың ішінде 10,6 мың адам тұрақты жұмысқа орналасады, 8,7 мың адам субсидияланатын жұмыс орындарына жіберіледі.

Оқу бағдарламаларына, оның ішінде enbek.kz платформасында қысқа мерзімді курстардан өтіп жатыр. «Бастау Бизнес» жобасына қатысуға 7 мың адам тарту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, кейбір алматылық кәсіпкерлік бастамаларды қолдау аясында 400 АЕК-ке дейінгі грант алуы мүмкін.

Айта кетейік, 2024 жылы Алматыда 84,7 мың жұмыс орны ашылған. Халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралардың арқасында қаладағы жұмыссыздық деңгейі 4,8%-дан 4,6%-ға төмендеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

1.04.2025

Түнде: +3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

2.04.2025

Түнде: +4+6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

3.04.2025

Түнде: +5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006



ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК БАУЫРЛАСТЫҒЫ

Алматыдағы бейресми кездесудің мәні неде?

Халықаралық саясаттың ауаны күн сайын құбылып тұрған шақта, Орталық Азия елдерінің бірлігінің бекем болуы бүкіл аймақ үшін аса маңызды. Соңғы жылдары Орталық Азия елдері арасындағы дипломатиялық байланыстар нығайып, әсіресе, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық әріптестік артып келеді.

Сенбі күні Алматы қаласына жұмыс сапарымен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев келіп, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен бейресми кездесу өткізді. Мемлекет басшылары қаламыздың іргелі нысандарын аралап, ортақ жобаларды талқылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыс тек экономика, саясат және логистика салаларында ғана емес, сонымен қатар білім, мәдениет және жаңа технологиялар бағытында да кең көлемде дамып келеді. Бұл – уақыт талабы. Алматы қаласында өткен маңызды кездесудің мәні мен мазмұнын талдап көрелік.



- Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Алматы тау шаңғысы кластерімен танысып, Алматының туристік әлеуетіне жоғары баға берді.
- Қала әкімі Ерболат Досаев президенттерге Алматы қаласының туристік, инновациялық технологиялық салалардың жетістіктерін баяндап, басты жоспарлармен таныстырды.
- Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманның Алматыға сапармен келгеніне ризашылық білдіріп, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер етеді деп атап өтті.
- Бейресми кездесу барысында саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқыланды.
- Жұмыс сапары барысында аймақтық әріптестікті әртарапандыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Алматы – Орталық Азияның цифрлы астанасы

Әдетте шет мемлекеттердің президенттерімен болатын жұмыс сапарлары мен ресми кездесулер еліміздің елорда-

сы – Астана қаласында өтеді. Алайда, бұл жолғы Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің Алматы қаласына сапарының өзіндік мәні бар. Біріншіден, бұл сапар бейресми форматта, яғни жұмыс сапары ретінде ұйымдастырылды. Жұмыс сапары барысында қандай да бір сала бойынша құжаттарға қол қойылмағанымен, тараптар жауапты министрліктер мен ведомстволарға нақты тапсырмалар беріп, болашақтағы ықпалдастық бағыттарын айқындады. Мұндай бауырластық сипаттағы бейресми кездесулер 2023 жылы Шымкент қаласында, 2024 жылы Хиуа қаласында өткен болатын. Бұл жолы екі ел басшыларының маңызды кездесуі Алатау баурайындағы Алматы қаласында жалғасын тапты.

Бір күнге созылған бұл сапар аясында қос мемлекет басшысы елімізде ғана емес, бүкіл аймақта танымал тау шаңғысы кластері – «Шымбұлақ» тау курортында, сондай-ақ «Медеу» мұз айдынында болды. Мемлекет басшылары тау шатқалында орналасқан ерекше нысанның тарихынан сыр шертетін фотокөрмемен танысты.

Сапар барысында қаламызда өтіп жатқан AlmatyFairAI көрмесіне қатысып, соңғы жылдары Алматыда дамып келе жатқан цифрлық технологиялар мен инновациялық жобалардың барысымен танысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылып жатқан AlemAI халықаралық жасанды интеллект орталығының

тұжырымдамасы аясында елімізде мыңдаған маман жасанды интеллект бағытында білім алып, стартаптар іске қосып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алуда. Бүгінде Алматы қаласы тек республикалық деңгейде ғана емес, бүкіл Орталық Азия кеңістігінде BigTech, FinTech, EdTech, SmartCity сияқты заманауи салаларда елеулі табыстарға қол жеткізіп отыр. Осыған байланысты Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы дәстүрлі салалардағы серіктестіктен бөлек, болашақ технологиялар аясында да бірлескен жобаларды жүзеге асыру аса маңызды.

2023 жылдан бастап жұмыс істей бастаған Орталық Азиядағы ірі технопарктер альянсы – Central Asian Innovation Hubs жұмысына қос ел президенттері жоғары баға берді. Олар жасанды интеллект саласын тиімді меңгеру үшін өңір елдерінің осы бренд аясында бірігуі стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті.

Жұмыс сапары барысында байқағанымыздай, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев AlmatyFairAI көрмесі аясында ұсынылған әрбір жобаға ерекше назар аударып, олардың мазмұнымен мұқият танысты. Бұл таңданыс тегін емес. Соңғы жылдары еліміз үкіметтік қызметтерді цифрландыру (GovTech) мен қаржылық қызметтер саласындағы цифрландыру (FinTech) бағытында ауқымды нәтижелерге қол жеткізіп, халықаралық рейтингтерде көшбасшылық орындарға ие болуда. Қазақстанның

бұл салалардағы табысы одақтас Өзбекстан үшін де айрықша қызығушылық тудырып, ынтымақтастықтың жаңа көкжиегін ашып отыр.

Ортақ мәдени құндылықтар бауырластықты бекемдейді

Қос ел президенттерінің Әбілхан Қастеев атындағы өнер музейінде ұйымдастырылған Орал Таңсықбаевтың туындылары көрмесіне баруы ерекше символикалық мәнге ие.

Себебі, танымал суретші Орал Таңсықбаев – Ташкент қаласында дүниеге келген этникалық қазақ өнерпазы. Оның шығармалары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени бауырластықтың символына айналып отыр. Халықаралық қатынастарда өнер арқылы мемлекеттер арасындағы байланысты нығайту – сирек кездесетін құбылыс. Ал Орал Таңсықбаевтың мұрасы – дәл осындай үлгінің жарқын мысалы. Оның туындылары қос халықтың ортақ тарихи-мәдени мұрасын дәріптеп қана қоймай, көрші елдер арасындағы достық пен өзара түсіністікті тереңдетуге елеулі үлес қосып келеді.

(Дереккөз: www.akorda.kz).

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.





АЛМАТЫДА ӨТКЕН МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

аймақтағы интеграцияны алға жетелейді

29 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге жұмыс сапарымен келген Өзбекстанның президенті Шавкат Мирзиёевпен Алматыда кездесті. Екі ел басшысы бірге қаладағы бірқатар нысанды аралады. Атап өтер болсақ, президенттер Алматы тау шаңғысы кластерімен танысты, «Медеу» спорт кешеніне және AlmatyFairai көрмесіне барды. Сонымен қатар, Әбілхан Қастеев пен Орал Таңсықбаевтың туындыларын тамашалады. Мұның бәрі сапардың ресми тұсы. Ал бейресми форматтағы кездесудің негізгі мәні неде? Тараптар қандай тақырыпта пікір алмасты? Осы сұрақтар төңірегінде талдау жасап көрелік.

Аймақтағы интеграциялық процесс күшеймек

Тараптардың Алматыдағы кездесуі бейресми формата өткендіктен, жиын жайлы ақпарат жалпылама берілді. Ақорданың және Өзбекстан президентінің ресми сайттарында да бірыңғай жалпылама ақпарат берген. Алайда, қысқа мәліметті талдап талқыланған мәселелер жайлы болжауға болады.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылаған. Оның ішінде мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылды. Себебі, 18-19 наурызда Алматыға Өзбекстан президентінің көмекшісі Саида Мирзиёева келді. Елімізге сапары барысында Өзбекстанның Қазақстанмен мәдени-гуманитарлық байланысты нығайта түсуге ниетті екені байқалды.

Тараптар өнеркәсіптік кооперацияға да ерекше назар аударуда. 27 наурызда

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл екі ел арасындағы экономикалық байланыстың сауда-саттықпен ғана шектелмейтінін көрсетеді. Болашақта бірлескен кәсіпорындар ашылады деген сөз. Өнеркәсіптік кооперация шекара маңындағы сауданың дамуына, инвестиция айналымына, екі ел азаматтарының еркін жүріп-тұруына, туризм саласына серпін бермек.

Осы жерден мынадай маңызды сұрақ туындайтыны сөзсіз: Халықаралық өнеркәсіптік кооперация «Қазақстан–Өзбекстан өнеркәсіптік кооперациясы» деп аталса да болар еді, не үшін «Орталық Азия» деп аталады?

Бұлай атаудың басты себебі – жоба болашаққа арналған. Орталық Азия елдері тұтастай осы жобаны қолдайды деген ниетпен жоспарланған жоба болуы мүмкін. Тіпті, ұзақ уақыттық перс-

пективада Орталық Азия экономикалық одағы да құрылса, таң қалмаймыз.

Маңызды жиындар алдындағы пікір алмасу

Бізге бейресми кездесуде талқыланған саяси мәселелер қызық. Ол қандай мәселе болуы мүмкін?

Біріншіден, биыл «Орталық Азия+» форматында бірнеше халықаралық саммит өтеді. Соның бірі «Орталық Азия+ЕО» саммиті.

27 наурызда Түрікменстанның астанасы Ашхабадта Еуропалық одақ пен Орталық Азия мемлекеттері сыртқы саяси ведомство өкілдерінің 20-кездесуі өтті. Оған Өзбекстан, Тәжікстан мен Түрікменстанның Сыртқы істер министрлері, Қазақстан мен Қырғызстанның Сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары және Еуропа Одағының Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі – Еуропалық комиссияның вице-президенті Кая Каллас қатысты.

Кездесуде тараптар 2025 жылдың 3-4 сәуірінде Өзбекстанның Саманқанд қаласында өтетін «ОА-ЕО» саммитіне дайындық барысын талқылаған. Қазақстан мен Өзбекстан президенттері Алматыдағы кездесуде осы маңызды саммит бойынша да пікір алмасқан болуы әбден мүмкін. Себебі, аймақтағы интеграциялық процесс екі елдің сыртқы саясатына байланысты дамиды. Бұдан бөлек, 28 наурызда Алматыда Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кая Каллас ресми кездесу өткізгенін атап өткен жөн.

Екіншіден, биыл Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII консультативтік кездесуі өтеді. Маңызды жиын Өзбекстанда өтпек. Тараптар бұл бағытта да алдын ала пікір алмасуы әбден мүмкін. Аймақ елдері басшыларының консультативтік кездесуінде нақты қандай мәселе көтерілетіні қазірге анық емес. Алайда, екі тарап та «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының тәжірибесі алға тарта отырып, аймақтағы экономикалық байланысты нығайту бастамаларын көтеруі ықтимал. Міне, осындай елеулі қадамдар туралы қаламыздағы жүздеуде сөз түйіні тарқатылды деп болжауға болады.

Үшіншіден, 31 наурызда Тәжікстанның Худжанд қаласында маңызды үш-жақты кездесу өтті. Кездесуге Тәжікстанның президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстанның президенті Шавкат Мирзиёев және Қырғызстанның президенті Садыр Жапаров қатысты. Онда үш мемлекет шекара дауын толық шешуге ниетті екенін білдіріп, маңызды құжатқа қол қойды. Бұған дейін Тәжікстан мен Қырғызстан президенттері шекараны демилитациялау туралы шартқа қол қойған еді. Бұл екі құжат тұтас аймақтың дамуы мен интеграциясына оң әсер етпек. Алматыда өткен кездесуде президенттер осы мәселе бойынша пікір алмасқан болар.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Чемпиондардан курсанттарға кеңес

Кеше, 31 наурыз күні Мақан Есболатов Катындағы ҚР ИІМ Алматы академиясында елге белгілі спорт саңлақтарының қатысуымен «дөңгелек үстел» өтті. Жиында Ұлттық Құрылтайдың IV отырысындағы айтылған негізгі мәселелер басты тақырып ретінде талқыланды.



Досбол АТАЖАН

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Ұлттық Құрылтайдың төртінші отырысында Қазақстанды дамытудың негізгі бағыттары талқыланып, жаңа бастамалар ортаға салынғаны мәлім. Кешегі «дөңгелек үстел» барысында қатысушылар Ұлттық Құрылтайда айтылған білім беру мен тәрбиеге қатысты мазмұндарды ашалай талдады.

Талқы жиынына Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесінің өкілдері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Қанат Ислам, Олимпиаданың қола жүлдегері, үш дүркін әлем чемпионы Назым Қызыбай, әлем чемпионы Алуа Балқыбекова арнайы шақырылды. Даңқты спортшылар академия курсанттарымен кездесіп, өз ойларымен бөлісті, әрі сұрақтарына жауап берді.

– Ұлттық Құрылтайдың кезекті отырысында Мемлекет басшысы өскелең ұрпаққа білім беру және тәрбие мәселесіне де ерекше тоқталды. Білім беру мен тәрбие бір-бірінен ажыраспайтын ұғымдар екенін ескерсек, білім сапасын арттырумен қатар тәрбие мәселесіне де баса назар аударымыз керек. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, оларды жауапкершілік пен еңбексүйгіштікке баулу өте маңызды. Бұл мақсатта «Адал азамат» және «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын жақсы білесіздер. Осы бағдарламалар аясында отбасылық тәрбиемен қатар жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру қолға



алынып жатыр, – деді ҚР ИІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары Мұрат Жақыпбеков.

Ал Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Абдухалил Долкунтай ел бірлігі ең маңызды мәселе екенін атап өтті.

– Президент болашақ жастардың қолында екенін айтты. Сондықтан жастарымызды дұрыс тәрбиелеп, еліміздің өркениетті, қуатты мемлекет болуына әрқайсысымыздың атсалысуымыз маңызды. Қазақстанда 100-ден астам ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр. Біз татутәтті болсақ, дамыған мемлекеттердің қатарына емінеркін қосыламыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», – деді ол.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт

шебері Қанат Ислам курсанттарға өмір мен жұмыстағы тәртіптің маңызына баса тоқталды. Сондай-ақ, академия курстарының болашақ қызметі абыройлы әрі жауапкершілігі жоғары екенін атап өтті. Ал әлем чемпионы Алуа Балқыбекова әр адам өз мамандығының шебері болса, үлкен жетістікке жететінін түсіндірді. Олимпиаданың қола жүлдегері, үш дүркін әлем чемпионы Назым Қызыбай спорттың адам өміріндегі маңыздылығына тоқталды.

– Бәріңізді спортпен айналысуға шақырамын. Еліміздің өсіп, дамуына өз үлесімізді қосайық. Елім дейтін, жерім дейтін көздерінде от, сөздерінде жалыны бар азаматтарымыз көп болсын, – деді Назым Қызыбай.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



СЕМИНАР

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Жастар орталығында семинар-кеңес өтті



Суреттерді түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Әуезов ауданының комьюнити-орталығында заң мен тәртіпке арналған семинар өтті. Бұл іс-шара жастардың заң туралы білімін арттыруға арналған. Қатысушылар заң саласындағы маңызды ақпараттар мен тәртіпті сақтау жөнінде пайдалы кеңестер алды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әуезов ауданы прокуратурасының прокуроры Ақнұр Асқарқызы және Әуезов ауданы полиция басқармасының ЖПҚБ ЮПБ аға участкелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Аружан Мұратқызы қатысып, заңнамалық өзгерістер мен құқықтық тәртіп туралы түсіндірме жүргізді. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарының қызметі мен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарын талқылады.

Мамандар жастардың заңға деген

жауапкершілігін арттыратын кеңестер айттып, құқықтық мәдениетті дамытуға арналған ұсыныстарын бөлісті. Комьюнити-орталығында мұндай кездесулер аптасына кемінде екі-үш рет өтеді. Бұған дейін денсаулық сақтау, тұрғын үй, төтенше жағдайлар, жұмысқа орналасу және жоғары оқу орындарына түсу сияқты өзекті тақырыптар талқыланды. Семинарларға негізінен, NEET санатындағы жастар мен студенттер қатысады.

«Мұндай шаралар заң туралы білімін кеңейткісі келетін аудан жастары үшін пайдалы болады. Біздің орталықтағы маңызды іс-шаралардың бірі. Мақсаты – заңды білу мен оны сақтау, тәртіпке деген жауапкершілікті арттыру, сондай-ақ жастар мен тұрғындарға құқықтық сауаттылық туралы мәлімет беру. NEET санатындағы жастар өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша сұрақтар қояды. Біз арнайы мамандарды шақырып, жастардың сұранысына қарай семинарлар ұйымдастырамыз», – дейді Әуезов ауданы комьюнити-орталығының бас маманы Айша Балдырған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аружан МҰРАТҚЫЗЫ, Әуезов ауданы полиция басқармасының кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі аға участкелік полиция инспекторы:

ЕҢ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚЫЛМЫС – ТОНАУ

Жастар арасында қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жиі кездеседі. Соның алдын алу үшін біз мектептерде, университеттер мен жастар орталықтарында профилактикалық кездесулер өткіземіз. Жасөспірімдер арасында нашақорлық, біреудің мүлкін тартып алу, ұрып-соғу, ұрлық сияқты құқық бұзушылықтар жиі тіркеледі. Ата-аналармен де кездесулер ұйымдастырылады. Аптасына бірнеше рет мектептер мен университеттерді аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Сонымен қатар, «Азия Парк», «Гранд Парк», «Москва», «Спутник» ойын-сауық орталықтарында участкелік полиция қызметкерлері кезекшілік атқарады.

Кәмелетке толмағандар арасында ең жиі кездесетін қылмыс – тонау. Жастар топтасып, өзінен кіші жасөспірімдерді ұрып-соғып, ұялы телефондарын немесе ақшаларын тартып алып, ломбардқа өткізеді. 16–19 жас аралығындағы жастар көбіне кәмелетке толмағандарды өз топтарына қосып, құқық бұзушылыққа итермелейді. Заңға сәйкес, 18 жасқа толмаған құқық бұзушылар арнайы мекемелерге жіберіледі. Егер қылмыс жасаған жасөспірім 18 жастан асса, уақытша ұстау изоляторына қамалады. Өкінішке қарай, тіпті, 14-15 жастағы балалар да қылмысқа барады. Құқықбұзушылықтың алдын алу үшін жастармен тығыз жұмыс істеуді жалғастырамыз.

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

260 ШАҚЫРЫМ ЖАҢА СУ ЖЕЛІСІ САЛЫНАДЫ

Қалада инженерлік желілерді жаңарту қарқынды түрде жүргізілуде. Қалалық энергетика және сумен жабдықтау басқармасының мәліметінше, 2025 жылы 260 шақырым жаңа сумен қамту және су бұру желілері салынып, 87 км желі жаңғыртылады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылы 9 ай ішінде 219 шақырым жаңа су және кәріз желілері салынса, 29,3 шақырым қолданыстағы желілер қайта жаңартылды. Сонымен қатар, 2025 жылы 123 шақырым электрмен жабдықтау желілері реконструкциядан өтеді. Бұдан бөлек, Алматының электр желілерін 2030 және 2040 жылдарға дейін дамыту схемасы әзірленген.

Қаланың жылу жүйелерін жақсарту жұмыстары да жалғасуда. 2024 жылы 20 шақырым жылу желісі жаңартылып, қазіргі жылыту маусымы ешқандай іркіліссіз өтуде. Бүгінде 404 білім беру нысаны, 128 денсаулық сақтау мекемесі және 8863 тұрғын үй жылумен қамтамасыз етілген.



Шаһар басшысының тапсырмасы аясында инженерлік желілерді жаңғырту және қайта құру бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылып жатыр. Нәтижесінде 2025 жылы су құбырлары желілерінің тозу деңгейі 52,9% -ға, кәріз желілерінің тозуы 53,8% -ға, электрмен жабдықтау желілерінің тозуы 63,3% -ға дейін төмендейді.

Бұл шаралар қала тұрғындарын сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етіп, Алматының инженерлік инфрақұрылымын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

@ALMATYJOLYBOT

Алматы тұрғындары үшін жол сапасына қатысты мәселелерді шешуге Атағы бір мүмкіндік бар. Егер қала көшелерінде шұңқырлар немесе басқа да ақаулар байқалса, олар туралы @AlmatyJolybot (Telegram) чат-ботына хабарлауға болады. Бұл сервис жол инфрақұрылымындағы ақауларды жедел анықтап, жауапты мекемелерге жеткізуге арналған.

АЛМАТЫ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖОЛ САПАСЫН ЖАҚСARTУҒА ҮЛЕС ҚОСА АЛАДЫ

- Өтініш беру үшін қажет ақпарат;
- Мәселенің сипаттамасы (қысқаша мәтін);
- Жолдағы ақауды көрсететін фото немесе видео;
- Дәл мекенжайы мен нақты координаттары;
- Байланыс мәліметтері.

Әрбір өтініш мұқият қаралады, мәселені шешудің мерзімі көрсетіледі. Ескертін жайт, өтініштер тек ресми арналар арқылы қабылданады, әлеуметтік желілердегі пікірлер қарастырылмауы мүмкін. Соңғы уақыттарда қаладағы жол сапасын жақсартуға атсалысатын алматылықтар қатары артып келеді.

2024 жылдың сәуір айынан бастап @AlmatyJolybot чат-ботына 2000-нан астам өтініш пен ұсыныс түсті. Барлық өтінішке жауап беріліп, олардың орындалу мерзімі белгіленген.

Айта етейік, биыл жол жөндеу жұмыстары жоспарланған мерзімнен ерте басталды. Ақпан айынан бастап Алматыда

жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, энергия үнемдейтін қоспасы бар «жылы асфальт» шығаратын зауыт пилоттық режимде іске қосылды.

Ағымдағы жол жөндеу жұмыстары:

- Көктемгі және жазғы маусымда аудан әкімдіктері 30 000 шаршы метр жол жамылғысын жөндейді;
- Жазғы кезеңде 300 км жолға орташа жөндеу жүргізіледі;
- 35 км жаңа жол салынады.

Almaty Joly сервисі тұрғындардың жол сапасына қатысты шағымдарын жедел жеткізуге мүмкіндік беріп, халық пен әкімдік арасындағы тиімді байланысты қамтамасыз етеді. Егер сіз де қала жолдарының сапасына бей-жай қарамасаңыз, @AlmatyJolybot чат-ботына өтініш жіберіп, Алматының жайлы әрі қауіпсіз болуына өз үлесіңізді қосыңыз!

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

ТАСТҮЙІН ДАЙЫНДЫҚ

Алматы селге қарсы қандай шараларды қабылдады?

Жақында Ақтөбе облысында еріген қар суы өзен арналарын бұзып, көпірді шайып кетті. Бұл жағдай былтырғыдай апаттың тағы да қайталануы мүмкін екенін ескерткендей болды. Әсіресе, Іле Алатауының бөктерінде орналасқан Алматы үшін де бұл өзекті мәселе. Миллиондар тұрақ еткен алып қаланың аумағында сел қаупі бар ма? Мамандар не дейді? Табиғи апаттың бұл түрінен қалай сақтануға болады? Осы сұрақтарға өткен оқиғаларға сүйене отырып, талдау жасап көрейік...

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қауіпті күшейтетін факторлар

Алматы тау баурайында орналасқан қала, сондықтан сел қаупі жоғары аймақтар қатарына жатады. Іле Алатауының таулы аумағында 51 мореналық көл бар. Олардың кейбірі су көлемі ұлғайған кезде жарылу қаупіне ие. Сондай-ақ, қала аумағында 195 сел қаупі бар учаске анықталған. Осы қауіптің алдын алу үшін «Қазселденқорғау» мекемесінің мамандары тұрақты бақылау жүргізіп, қажет болған жағдайда қауіпсіздік шараларын қолға алады. Бұл жұмыстардың селден келетін зиянды азайтуға және қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпалы зор.



«Қазселденқорғау» ММ-нің Алматы филиалының басшысы **САМАТ ДӘУЛЕНКАНОВ**тың айтуынша, сел көбінесе көктемнің соңы мен жаз айларында туындайды. Бұл кезеңде нөсер жаңбыр жиілеп, таудағы қар мен мұздықтар тез ериді, нәтижесінде су тасқыны күшейеді. Бұған қоса, мореналық көлдердің жарылуы, жер сілкіністері және тау жыныстарының опырылуы да пайда болуы мүмкін. Сондықтан таулы аймақтарда селдің алдын алу шараларын тұрақты түрде жүргізу қажет.

Алматы маңында анықталған сел қаупі бар аймақтың көпшілігі Іле Алатауының тау бөктерінде шоғырланған. Атап айтқанда, Кіші Алматы өзені алабында – 73 қауіпті учаске; Үлкен Алматы өзені алабында – 98; Ақсай өзені алабында – 18; Қарғалы өзені алабында – 6 қауіпті учаске бар. Сел тасқындары тау өзендерінің бойымен төменге жылжып, жолдарды, көпірлерді және инженерлік құрылыстарды зақымдауы мүмкін. Сонымен қатар, елді мекендер мен инфрақұрылымға елеулі зиян келтіреді. Сондықтан селдің алдын алу шараларын күшейтіп, тәуекелі жоғары аймақтарда тұрақты бақылау жүргізу аса маңызды.

Алматыны селден қорғау үшін арнайы инженерлік құрылымдар салынған. Бүгінде ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасының мамандары оқыту семинарларын өткізіп, халыққа арнайы ескерту кітапшалары мен жазбаша нұсқаулықтар таратады. Кешенді шаралар Алматы қаласы мен оның маңындағы елді мекендерді селден қорғауға және төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Жалпы, сел қаупі бар кезеңде дайындық актілері жасалып, барлық өзгерістер жіті қадағаланады. Қазіргі уақытта Алматыда бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты және ерекше бақылауда.


Спикердің айтуынша, тұрғындарды төтенше жағдайларға дайындау маңызды шаралардың бірі болып қала береді. Бұл мақсатта ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасының мамандары оқыту семинарларын өткізіп, халыққа арнайы ескерту кітапшалары мен жазбаша нұсқаулықтар таратады. Кешенді шаралар Алматы қаласы мен оның маңындағы елді мекендерді селден қорғауға және төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Жалпы, сел қаупі бар кезеңде дайындық актілері жасалып, барлық өзгерістер жіті қадағаланады. Қазіргі уақытта Алматыда бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты және ерекше бақылауда.

Алдын алу неге маңызды?

Инженерлік инфрақұрылым ұдайы күшейтілгенімен, климаттық өзгерістер, урбанизация және сейсмоахуал сел қаупін арттыруда. Сондықтан алдын алу шараларын жетілдіру, жаңа технологияларды пайдалану – Алматыны табиғи апаттардан қорғаудың басты жолы. Бүгінде қала маңындағы таулы аймақтарда сел қаупін төмендету мақсатында кешенді жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі.

Бірінші кезекте, сел жүру қаупі бар аумақтарда тұрақты мониторинг және бақылау жүйесі іске асырылады. Бұған мореналық көлдердің су деңгейін бақылау; топырақтың ылғалдылығы мен жауын-шашын мөлшерін үнемі өлшеу; сел қаупі жоғары кезеңдерде мореналық көлдердің суын арнайы эвакуациялық арналар арқылы қауіпсіз деңгейге дейін төмендету секілді жұмыстар кіреді.

Спикердің айтуынша, тұрғындарды төтенше жағдайларға дайындау маңызды шаралардың бірі болып қала береді. Бұл мақсатта ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасының мамандары оқыту семинарларын өткізіп, халыққа арнайы ескерту кітапшалары мен жазбаша нұсқаулықтар таратады. Кешенді шаралар Алматы қаласы мен оның маңындағы елді мекендерді селден қорғауға және төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Жалпы, сел қаупі бар кезеңде дайындық актілері жасалып, барлық өзгерістер жіті қадағаланады. Қазіргі уақытта Алматыда бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты және ерекше бақылауда.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛІ.

СЕЛ
ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Сел – бұл таулы жерлерде нөсер жаңбыр, қардың еруі немесе жер сілкінісі салдарынан пайда болатын лай, су, балшық түрінде де, малтатас пен шөгінділердің өте көп мөлшерін алып жүретін екіпінді су тасқыны. Ол өте күшті болып, жолындағы барлық нәрсені – ағаштарды, ғимараттарды, көпірлерді, тіпті адамдарды да алып кетуі мүмкін.

Ресми ақпаратқа
жүгіну керек

«Апат айтып келмейді». Төтенше жағдай кезінде халық дүрбелеңге түспес үшін уақытылы ақпарат беру де өте маңызды. Егер сел қаупі анықталса, «112» қызметі арқылы SMS-хабарламалар, дабыл жүйелері, радио мен теледидар арқылы арнайы хабарламалар беріледі. Сонымен қатар, жергілікті әкімдік пен төтенше жағдайлар қызметі әлеуметтік желілер мен ресми сайттарда ақпарат таратады. Ал ескерту берілгенде тұрғындар ТЖ қызметінің нұсқауларын қатаң сақтауы тиіс.

– Сел қаупі төнген кезде төтенше жағдайлар қызметінің нұсқауларын мүлтіксіз орындау қажет. Ең бастысы – биік жерге көшу, өйткені сел төмен аумақтар мен өзен арналар арқылы таралады. Көпірлерден, тау бөктерлерінен, тар шатқалдардан аулақ болу маңызды.

Эвакуация бұйрығы берілсе, дереу қауіпсіз орынға жету керек. Үйде қалған жағдайда, электр мен газды өшіріп, жоғарғы қабатқа шығу қажет. Алдын ала қажетті құжаттар мен заттарды дайындап, ресми ақпаратты ғана тыңдаған жөн, – дейді «Қазселденқорғау» ММ Алматы филиалының басшысы.

Тарихтан бір үзік...

Деректерге көз жүгіртсек, Алматы тарихында елге қиындық туғызған бірнеше ірі сел жүріпті. Экономика ғылымының докторы, Гидрометеорология саласының үздігі Атамұрат Шәменовтің «Егемен Қазақстан» газетіне (2024, 25 мамыр) жазған «Сел қаупін ескерген жөн» атты мақаласында Алматыдағы сел оқиғалары, ертеректе болған су апаттары туралы көп деректер келтірген. Мәселен, ең

алапат сел 15–20 мың жыл бұрын плейстоцен дәуірінің соңында болыпты. Табиғи апат Праозеро көлі (Үлкен Алматы көлінің бұрынғы аты) жырылуы салдарынан болған екен. Одан кейін сел патшалық заманда 1841 жылы, кеңес дәуірінде 1921 жылы, Тәуелсіз Қазақстан тарихында 2015 жылы Наурызбай ауданында орын алған.

Ал География және су қауіпсіздігі институтының мәліметі бойынша, XIX ғасырдан бастап Қазақстан территориясында 800 рет сел жүрген, оның ішіндегі ең дүлейі 1841, 1887, 1921, 1947, 1950, 1963, 1973, 1977, 1988, 2006 жылдары болыпты. Ал Кіші Алматы өзенінің алабында 30 рет сел жүрген. Сел оқиғалары туралы белгілі өлкетанушы Владимир Проскурин өзінің «Очерки истории Алматы» кітабында «1963, 1973 және 1977 жылдары сел жүрді. Олардың жойқын күші бұрынғы КСРО аймағында болған барлық селдерден асып түсті», – деп жазған.

Иә, Алматы – сел қаупі жоғары қала. Тарихтағы жойқын апаттардан кейін инженерлік инфрақұрылым күшейтілгенімен, климаттық өзгерістер, урбанизация және сейсмоахуал сел қаупін арттыруда. Сондықтан алдын алу шараларын күшейтіп, жаңа технологияларды пайдалану – Алматыны табиғи апаттардан қорғаудың басты жолы.

Ал апаттың алдын алу – оны жоюдан әлдеқайда тиімді әрі қауіпсіз. Сондықтан жауапты органдар әр мезгілдің ерекшелігін ескеріп, төтенше жағдайға алдын ала дайындау қажет. «Сақтансаң, сақтаймын» демекші, қауіптің алдын алса, көктем шығынсыз өтеді...

ТҮЙІН: Қазақстанда өрттен кейінгі ең жиі кездесетін табиғи апат – су тасқыны. Көктемде қар еріген сайын өзен маңындағы елді мекендер үшін бұл үлкен қауіпке айналады. Сондықтан тиісті сала мамандары мен жергілікті әкімдіктердің алдын алу шараларын уақытылы орындауы өте маңызды. Ол үшін арықтар мен жауын-шашын кәріздерін тазарту, уақытша бөгеттер мен топырақ үйінділерін жасау, су басу қаупі бар аумақтарды бақылау жұмыстары үздіксіз жүргізілуі тиіс.

КЕРЕК ДЕРЕК

Бүгінде Алматыны бойлай 4 ірі өзен ағып өтеді. Оларды бақылайтын 10 бекет пен 31 автоматтандырылған станса бар. Ондағы мамандар күнделікті судың деңгейін бақылап отырады.

Сондай-ақ, күніне 3 рет орталықтандырылған диспетчерлік бөлімге есеп тапсырылады. Ал жауын-шашынды күндері олар күшейтілген режимге көшеді. Ол кезде мамандар судың деңгейін 1 сағат сайын қадағалайды. Селдің қауіпті кезеңі мамыр айында туындайтын көрінеді. Мамандардың айтуларына, қазір жағдай тұрақты.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҮЗДІК КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық кампаниясы аясында ұйымдастырылған «Коммуналдық қызметтің үздік қызметкері» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Бұл іс-шара қала тазалығын қамтамасыз ететін жандардың еңбегін бағалап, олардың күнделікті атқарып жүрген қызметіне құрмет көрсету мақсатында өткізілді.



Ержан Қожамқұлов.



Жансерік Дүйсенәлі.



Асхат Қыпшақбаев.

Байқауға коммуналдық қызметтер мен мердігерлік ұйымдардың 66 қызметкері қатысты. Олардың арасынан үздік деп танылған 24 қызметкер арнайы марапатқа ие болды. Жүлделі орындарға ие болғандарға ақшалай сертификаттар табыс-

талды: бірінші орынға – 150 000 теңге, екінші орынға – 100 000 теңге, ал үшінші орын иегерлері 50 000 теңгеден алды.

ЕҢБЕК ӘРҚАШАН ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Күн сайын қаланың тазалығы мен тәртібін қамтамасыз ететін коммуналдық қызметкерлердің еңбегі назардан тыс қалмады. Аудан әкімдіктері де өз тараптарынан үздік қызметкерлерге Алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтар тапсырып, олардың қажырлы еңбегіне ризашылықтарын білдірді.

Алатау ауданында үшінші орын алған Ержан Қожамқұлов бұл байқауда бірнеше рет жеңімпаз атанғанын атап өтті:

«2015 жылдан бері бұл менің төртінші марапатым. Жалақымыз уақытылы төленеді, ал біз өз жұмысымызды қуанышпен орындаймыз. Біздің еңбегімізді бағалап жатқаны үшін үлкен рақмет!», – деді ол.

Наурызбай ауданы бойынша жеңімпаз атанған Жансерік Дүйсенәлі де өз қуанышымен бөлісті:

«Бұл марапат мен үшін өте маңызды. Ол менің ғана емес, бүкіл ұйымымыздың



жетістігі. Біз бір команда болып еңбек етеміз, сондықтан бұл марапат – ортақ еңбектің нәтижесі».

Ал «Саялы» шағынауданында тазалықпен айналысатын Асхат Қыпшақбаев басшылыққа алғыс білдіре отырып, өзінің жұмысына адалдықпен қарайтынын жеткізді:

«Мен өз жұмысымда ерекше ештеңе көрмеймін. Маған ең бастысы – жергілікті тұрғындардың ризашылығы. Адамдар тазалық сақталған жерде ғана емес, қоқыс тасталмаған ортада өмір сүру керектігін түсінуі маңызды. Әрине, еңбегімізді аудан басшылығы бағалағаны қуантады. Біз Алматының игілігі үшін әрі қарай да жұмыс істей береміз».

БАЙҚАУДЫҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Коммуналдық қызметтің үздіктерін анықтау үшін бірнеше негізгі талаптар ескерілді. Жеңімпаздарды таңдау барысында:

- Үздіксіз жұмыс өтілі;
- Техникалық мамандықтардың болуы;
- Үй маңындағы аумақтардың санитарлық жағдайы;
- Көгалдардың тазалығы, қоқыстың болмауы;

- Жасыл желектер мен ойын алаңдарының күтімі;
- Коммуналдық қызметкерлер бекітілген тұрғындармен қарым-қатынасы ескерілді.

Үздіктерді анықтау үшін конкурстық комиссия құрылып, оның құрамына қалалық депутаттар, қоғамдық кеңес өкілдері мен басқа да қоғам белсенділері енді. Олардың мұқият бағалауынан кейін марапат иегерлері анықталды.

«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

Осылайша көктемгі жаңару мен Наурыз мерекесі Алматыда тек табиғаттың оянуымен ғана емес, сондай-ақ қаланың тазалығына жауапты адамдардың еңбегін тану күніне айналды. Алматыны көркейтіп, оның экологиялық жағдайын жақсартуға үлес қосқан жандардың еңбегі еленіп, олардың мәртебесі арта түсті.

Бұл байқау қала тазалығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген коммуналдық қызметкерлерге үлкен ынталандыру болды. Олардың қажырлы еңбегі арқасында Алматы күн сайын көркейіп, тұрғындар үшін жайлы әрі таза қалаға айналууда.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Алматыны абаттандыру – әр тұрғынның міндеті

Алматы қаласының тұрғындары өз аулаларының көркі мен тазалығына әрекше мән беріп, қаланы абаттандыруға белсене атсалысуда. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы қала тұрғындарының назарын қоршаған ортаны жақсарту мәселесіне аударып, қоғамда үлкен қолдау тапты. Соның ішінде «Өз қоршауыңды/орындығыңды/беседканды сырла» бастамасы айрықша танымалдыққа ие болып отыр.

Бұл акция барысында Алматы қаласының әкімдігі тұрғындарға 3 мың литрден астам бояу таратты. Қоршауларды, қақпаларды, орындықтар мен беседкаларды жаңартуға арналған материалдарды алу үшін тұрғындар аудандық абаттандыру бөлімдеріне жүгінді. Дегенмен, бояу мөлшері шектеулі болғандықтан, әр қатысушыға екі келіден артық берілмеді. Акцияның соңғы күні – 1 сәуір.

Өткен жылы осы бастама алғаш рет ұйымдастырылғанда, ол қала тұрғындары арасында зор қызығушылық тудырып, 4240 литр бояу мен 590 литр еріткіш таратылған болатын. Быыл да бұл игі іс-шара жалғасып, Алматының әр ауданында белсенділік жоғары деңгейде байқалды. Медеу ауданында бояулар азаматтар-

ды қабылдау орталығында таратылды. Аудан тұрғыны Татьяна бұл бастамаға өз ризашылығын білдірді:

«Әкімдікке алғысымыз шексіз. Біз ауламыздағы орындықтар мен беседканы бояп, көріктендіруге кірісеміз».

Наурызбай ауданында 220 литр бояу зейнеткерлерге, жалғызбасты аналарға және көпбалалы отбасыларға берілді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсетіліп, оларға қоршаулары мен қақпаларын жаңартуға қажетті бояу жеткізілді. Аудан тұрғындары ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, бұл игі істің жалғасын қалайтындарын атап өтті.

Түркісіб ауданының белсенділері де бұл бастаманы зор ықыласпен қолдады. Көптеген тұрғындар өз аулаларындағы

арбалар мен қоршауларды бояп, абаттандыру жұмыстарына үлес қосты. Аудан тұрғыны, қария:

Алматы тұрғындары, адал азамат болайық! Бояуымыз дайын, енді іске кірісетін уақыт келді! Қаламызды көркейту – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз! – деп, өзінің шынайы ниетін білдірді.

Бостандық ауданының тұрғындары да бұл игі іс-шарадан тыс қалған жоқ. «Геолог» пәтер иелері кооперативінің төрағасы акция барысында алған бояулар арқылы аулаларындағы орындықтар мен қоршауларды жаңартатындарын айтты:

«Әкімдікке үлкен рахмет! Осындай қамқорлықтың арқасында қаламыз көркейе түседі».

Бұл бастама қала тұрғындары арасында үлкен қолдау тауып, олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырды. Көшелер мен аулалар ретке келтіріліп, Алматының эстетикалық келбеті жақсаруда. Егер әр тұрғын өз үйінің маңайын таза әрі әдемі етіп ұстауға аз да болса үлес қоссақ, қаламыз көркейіп, өмір сүруге жайлы ортаға айналары сөзсіз. «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы – туған қаламызға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықтың айқын көрінісі.

Бетті әзірлеген Серік ЖҰМАБАЕВ.





СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

«СОЛ ӘНІМЕН ТЕРБЕТЕДІ ДАЛАНЫ...»

Нұрғиса Тілендиевтің туғанына – 100 жыл



Дәл бүгін, 1 сәуір – Нұрғиса Тілендиевтің туған күні. Әрі халқымыздың мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның дүниеге келгеніне түп-тура 100 жыл толды. Ол – Қазақ музыкасының алтын қорына мол мұра қалдырған ұлы композитор. Өзінің қайталанбас ұлы шығармаларымен, асқан дарынымен, таңқаларлық талантымен ел жүрегінде мәңгіге сақталып қалған халқының сүйікті перзенті. Ұлт мақтанышына айналған тұлғаның ғасырлық тойы қарсаңында біз Алматыдағы Нұрғиса Тілендиев мемориалды музейінің ғылыми қызметкері Нұрмұха ШАЙМЕРДЕНОВТІ сөзге тартқан едік.

– Нұрмұха Рысбайұлы, әңгімемізді өзіңіз қызмет етіп келе жатқан Нұрғиса Тілендиев мемориалды музей үйінен бастасақ. Мемориалдық кешен қашан құрылып еді? Мұнда тұлғаны еске түсіретін қанша жәдігер қойылған?

– Нұрғиса Тілендиевтің мемориалды музей-үйі 2014 жылы 16 мамырда Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен құрылған еді. Бұл дара дарынға көрсетілген зор құрмет әрі өте заңды бастама дер едім. Өйткені, бұл үйде саңлақ сазгердің талай өлмес мұралары дүниеге келді. Қабырғасында үні, еденінде ізі қалды. Дәл осы үйде Нұрғиса Атабайұлы 1979 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін, яғни 1998 жылға дейін тұрды. Ал мұнда дарын иесіне қатысты 3224 экспонат қойылған.

– Ғасырлық той қарсаңында қандай жоспарларыңыз бар?

– Ұлы композитордың туғанына 100 жыл толған мерей-тойына орай, өнер иесінің ұрпаққа үлгі болатын өнегесін, қайталанбас шығармашылығын кеңінен дәріптеуді мақсат етіп отырмыз. Осы бойынша бірқатар маңызды жұмыстар қолға алынып, оң қадамдар жасалып отыр. Айталық, алғаш рет мемориалдық-тұлғалық материалдар кешенін жетілдіру мақсатында музей-үйін жаңарту жұмыстары қолға алынды. Нұрғиса Атабайұлының композиторлық қырына үңіліп, бүгінгі ұрпақтарының шығармашылық мұрасына қызығушылығын арттыру, оқып-білуге, тани түсуге ынталандыру, олардың санасында қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыру үшін зиялы қауым өкілдерімен, жоғары оқу орындары, мектеп, балабақша, т.б. қалың қауыммен тығыз қарым-қатынас жасап жатырмыз. Соның нәтижесінде бүгінгі күні музейге келушілер саны артып, түрлі тақырыпта іс-шаралар өткізіле бастады.

Тағы да бір жаңалығымыз – мемориалдық музейдің көшпелі көрмесі ұйымдастырылады. Осында атқарылған іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында, түрлі телеканалдар арқылы көрсетіліп, баспасөз беттерінде кеңінен насихатталып жатыр. Мемориалдық-тұлғалық материалдар кешенін жетілдіру арқылы Нұрғиса Тілендиев және

қазақ ұлттық дәстүрлі музыкасы, «Отырар сазы» этнографиялық оркестрінің ерекшелігі, оркестрде қолданатын қос ішекті, үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, саз-сырнай, жетіген, шаң қобыз, асатаяқ, кең шанақты және шіңкілдек домбыралар, нар қобыз, жез қобыз, мес қобыз, сазген, аса шертер, адырна, даңғыра және тағы басқа аспаптар туралы мәліметтер кеңінен қамтылды. Әлі де толықтырып жатырмыз.

Менің бір байқағаным, мұражайға келушілерді ең алдымен ол кісінің өмірі, балалық шағы қатты қызықтырады. Сондықтан композитор туралы мәліметтерді әлі де толықтырып жатырмыз.

– Оқырмандарымызға сол мәліметтерден бөлісе кетіңізші?

– Білесіздер, заңғар дарын иесі 1925 жылы 1 сәуір күні Алматы облысы, Іле ауданындағы Шилікемер ауылында дүниеге келген ғой. Қазір бұл елдімекен «Нұрғиса Тілендиев» ауылы деп аталады. Ол кісінің әкесі Атабай домбырашы, халық әндерінің білгірі болған. Шешесі Салиқа да өлең айтып, сырнайда ойнаған өнерпаз жан. Екеуі де қағылез ұлының ерекше қабілеттерін ерте танып, жасынан баулыған ғой. Мысалы, әкесі Нұрғисаға бес жасында домбыра тартуды үйретіп, анасы болса оның ноталық сауатын ашқан.

Бала күнінде мынадай қызық оқиға болған. Бір күні ұлы композитор Ахмет Жұбанов Нұрғиса тұратын үйдің жанынан өтіп бара жатып, домбыраның үнін естіп қалады. Қағыс пен тартыстан-ақ шеберлігін біліп, кім екенін білмек бол барса, әлгі «күйші» алты жасар бала екен. Содан анасына жолығып, «ұлыңыз тағы бір рет домбыра тартып берсе» деп сұрайды. Бұған шешесі Салиқа келіседі. Бірақ тіл-көз тимесін деп баласы мен Жұбановтың ортасына шымылдық іліп қояды. Ахмет Қуанұлы баланың ойнағанын ұйып тыңдап, оған музыка училищесіне баруға кеңес береді. Училищеде баламен басқа композитор Латиф Хамиди айналысып, оны би класына жазып қояды. Иссапардан келген Жұбанов талантты домбырашы балет сабақтарына барып жүргенін көріп, дереу музыка класына ауыстырады. Сөйтіп, атақты композитор А.Жұбанов болашақ сазгердің ұлы тұлға болып қалыптасуына жол ашқан екен. Әрі оның ұстазы болды.



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

Нұрғиса Тілендиев – 500-ден астам музыкалық төл туындының авторы. Осынау мол мұраның қатарында ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера мен балет бар.

1968–1981 жылдары Нұрғиса Тілендиев «Қазақ-фильм» киностудиясында музыкалық редакциясының бас редакторы болды.

Қазақ мультфильмдерінің атасы Әмен Қайдардың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан» сияқты ертегі-аңыз желісімен жасалған жұмыстарына ән жазды. Сондай-ақ, ол «Менің атым Қожа», «Қилы кезең», «Қыз Жібек» сияқты қазақ фильмдерін де әуенмен әрледі.

Бүгінде еліміздің өңірлерінде КСРО Халық әртісі, «Халық Қаһарманы», композитор, дирижер, дәулескер домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің атындағы музыка мектептері, музей, Орталық, көше бар. Алматының орталығында Тілендиевтің тұлғалы ескерткіші орналасқан.

Ол кісінің майдангер болғанын да жұрт біледі. 1943 жылы Нұрғиса Тілендиев майданға аттанған. Сол кездегі көпшілік жастар сияқты он алты жастағы жігіт өзінің төлқұжатына екі жас қосып жаздырып алады. Сөйтіп, 1945 жылдың 9 мамырына дейін Нұрғиса Курск шайқасынан бастап, Берлинді алғанға дейінгі жолымен жүріп өтеді. Ол соғыста бірнеше рет жараланады. Соғыс біткеннен кейін «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін» және «Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін» медальдарымен марапатталған ғой. Ол кісі сол кезде әскери қызметті жалғастыруды да ойласа керек. Бірақ Ахмет Жұбанов әскери округ бастықтарына соғыстан соң елде талантты музыканттарға деген сұраныстың жоғары екенін жеткізіп, Тілендиевті қайтару туралы өтініш жазады. Ақыры Нұрғиса 1945 жылдың қазанында әскерден босатылған. Міне, мұражайда осындай керемет тарихи оқиғаларды айғақтайтын құжаттар, сарғайған хаттар мен ескі суреттер де бар.

– «Нұраға «Отырар сазы» оркестрін сәбиіңдей аялайтын еді» дейді көзкөргендер...

– Ол рас. Бұл оркестр өнер иесіне ерекше шабыт берді. Оркестрмен жұмыс барысында ол кісі ерекше арқаланып кететін еді дейді. Оған өзіміз де куә болдық. 1980 жылы Нұрғиса Тілендиев Қазақ филармониясы жанынан «Отырар сазы» оркестрін ұйымдастырады. Басында шығармашылық ұжым шағын ансамбль ретінде өнер көрсетті. Ал екі жылдан кейін оркестр болып құрылды. Оркестр қос ішекті, үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, саз-сырнай, жетіген, шаң қобыз, асатаяқ секілді ертеден белгілі музыкалық аспаптарды қолданды. Артынан оған кең шанақты және шіңкілдек домбыралар, нар қобыз, жез қобыз, мес қобыз, сазген, аса шертер, адырна, даңғыра және тағы басқа аспаптар қосылды.

1984 жылы оркестр Алматы

қаласында өткен Бүкілодақтық фестивальға қатысты. Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы үлкен концерт залында өнер көрсетіп, 1985 жылы Бүкілодақтық комсомол сыйлығының лауреаты атанды. Иә, ерекше дарын иесі Н.Тілендиевтің арамыздан кеткеніне де біраз уақыт өткен екен. Осынау уақыт ішінде Нұрағанның көзіндей болған «Отырар сазы» өз биігінен бір саты да төмендеген емес. Қайта оның өнері хас таланттың мінезіндей тасып, биіктеп барады. Ізін басқан ұрпағы Дінзұхрасы барда Нұрғиса Тілендиевтің отының өшпесі, өнерінің өлмесі анық.

– Жақында Анкарада Тілендиев жылы басталды. Анадолы жұрты қалай қабылдады?

– О-о-о, бұл бір керемет өнер мерекесі болды. 2023 жылы Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының ТҮРКСОЙ Бас хатшылығы «2025 жыл – Нұрғиса Тілендиев жылы» деп жариялағаны белгілі. Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының ТҮРКСОЙ Бас хатшылығы мен Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің қазақ халқының аса көрнекті композиторы, КСРО халық әртісі, «Халық Қаһарманы» қазақ музыкасының сайыпқыраны, әйгілі күйші, дирижер, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына байланысты үлкен іс-шара ұйымдастырды. Бауырлас түрік мемлекеті Нұрғиса шығармашылығына ерекше құрмет көрсетті. Өнер иесінің шығармалары түрік жерінде де орындалды. Тілендиев атындағы мұражай ұжымы осынау атқарылып жатқан жұмыстарға зор ризашылығымызды білдіреміз. Өйткені, Ұлы тұлғаның қайталанбас шығармашылығы баршамызға ортақ, біз оны көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз.

Әңгімелескен
Рая ЕСКЕНДІР.



ЖӘДІГЕР ҚАЛА

ТҮРКІСТАНДЫ ТҮЛЕТЕТІН ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ

Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген жыры бұл киелі мекеннің рухани маңызын айшықтайды. Түркістан – түркі халықтарының тарихи-мәдени бесігі ғана емес, қазақ руханиятының алтын қазығы. Бүгінде бұл қасиетті мекен жаңа дәуірге сай жаңғырып, жаңаша келбетке ие болуда.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңға қол қойды. Бұл заң Түркістанды еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы ретінде бекітіп, оның ерекше мәртебесін айқындады. Құжат аясында мынадай маңызды міндеттер қарастырылған:

- Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен басқа да тарихи-мәдени мұраларды сақтау және қорғау;
- Археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізу;
- Ұлттық қолөнерді дамыту және насихаттау;
- Қаланы сәулеттік бірегейлігін сақтай отырып дамыту, биіктігі мен стилі үйлеспейтін ғимараттардың салынуына шектеу қою;



- Археологиялық ескерткіштер резерватын құру;
- Инклюзивті туризм мен мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді инфрақұрылымды дамыту;
- Қаланың бірыңғай сәулеттік стилін сақтау үшін дизайн-код енгізу;

- Әкімдік пен мәслихаттың өкілеттігін кеңейту;
- Қолөнер шеберлерін мемлекеттік қолдау шараларын күшейту;
- Қаланың тарихи ерекшелігін сақтай отырып, туризмді дамыту және тұрғындардың өмір сапасын арттыру.

Бұл заң Түркістанның рухани-мәдени құндылығын сақтау үшін мемлекеттің жіті бақылауында болатынын көрсетеді. Сонау орта ғасырлардан тамыр тартқан Түркістан өз тарихын, ғылымын, мәдениетін жаңғыртып, түркі әлемінің рухани орталығына айнала түспек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ақын,
ТҮРКСОЙ Жазушылар
одағының төрағасы:

ТҮРКІСТАН – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІНШІ АТАУЫ

Мемлекет басшысының «Түркістан мәртебесін» заңмен бекітуі – өте құптарлық қадам! Түркістан – түркі әлемінің мәдени және рухани орталығы. Бұл қала ЮНЕСКО деңгейінде 1500 жылдық мерейтойы аталып өткен тарихи мекен.

Түркістан – Ұлы Жібек жолының бойындағы өркениеттің астанасы. Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында көне Жібек жолы бойындағы 100 қала анықталғанда, оның ішінде Қазақстанның үш қаласы – Түркістан, Тараз және Алматы енді. Осы қалалар туралы деректер жинақталып, түркі және қытай тілдерінде кітаптар жарық көрді.

Қасиетті Түркістан күн санап жаңғырып келеді. Қаланың тарихи сәулеті сақталып, жаңа мәдени нысандар бой көтеруде. Алайда, халықтың әл-ауқаты, инфрақұрылымның сапасы мен тұрғындардың әлеуметтік жағдайы да басты



назарда болуы тиіс. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат тиімді игеріліп, түркі әлемінің рухани астанасына айналған бұл мекен өркендей беруі қажет.

Түркияға немесе Анадолыға барған кез келген қазақ Түркістанның қасиетті мекен екенін айтса, түріктер оны ерекше құрметтейді. Сондықтан Түркістан – Қазақстанның екінші атауы деуге толық негіз бар. Түркі жұртының басын біріктіріп, өркениеттің алтын ордасына айналған Түркістанның мәртебесі арта бергей!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,
Қожа Ахмет Ясауи
атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің
ректоры:

МӘДЕНИЕТ ПЕН РУХАНИЯТТЫҢ ОРДАСЫ

Бұл маңызды заңның қабылдануы – Президентіміздің тікелей бастама-сымен жүзеге асты. Оның әзірленуіне Түркістан облысының әкімдігі, қала әкімдігі, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, Ақсақалдар кеңесі, ғалымдар мен бүкіл Түркістан халқы атсалысты. Түркістанның өркендеуіне үлес қосу – әрбір азаматтың парызы деп білемін.

Университетіміз осы тарихи процесте үлкен рөл атқарды. Жалпы, университет – қаланың дамуында маңызды институт. Университет ғылымды дамыту, кәсіби мамандарды даярлау, интеллектуалды ортаны қалыптастыру арқылы аймақтың экономикалық және әлеуметтік өсуіне серпін береді.



Ахмет Ясауи университеті де дәл осы міндеттерді абыроймен атқарып келеді.

Заң аясында университетіміз екі негізгі бағытта еңбек етпек: біріншісі – Ясауи бабамыздың мұрасын, түркі халықтарының рухани және мәдени байлығын зерттеу, екіншісі – инженерия, биология, медицина, ауыл шаруашылығы сынды жаратылыстану ғылымдарын дамыту. Бұл екі бағыт – Түркістанды әлемдік деңгейдегі ғылыми-мәдени орталыққа айналдыру жолындағы басты қадам.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

ИМХАУЗЕР ОТАСЫ –
ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ӘДІСАлматыда травматолог-ортопедтер ең алғаш рет
осы операцияға тәуекел етті

жамбас сүйектің асептикалық некрозы сияқты асқынуларға әкеледі. Сондықтан дәрігерлер жамбас сүйегінің басын бұрандамен аямай бекітіп, оны біріктірді. Содан кейін олар балаларды отаға дайындады. Дәрігерлердің айтуынша, әдетте мұн-

дай диагнозы бар балалар өте кеш келеді. Сондықтан уақыт өткізіп алғандықтан күрделі де ауыр отаға жатуына тура келеді. Ал дер шағында келген болса, шағын ота жасауға және сәл ғана 2 сантиметрлік кесу арқылы сүйекті бұрандамен бекітуге бола-

тын көрінеді. Сондықтан жағдайдың күрделі болып кетпеуі үшін ата-аналар көз алдында жүрген балаларының ақсаңдап жүргеніне назар аударуы керек. Бұл кезде баланың омыртқа бағанасында ауырсыну пайда бола бастайды.

Имхаузер отасы – бүкіл әлем бойынша жаңа әдіс. Отаның қиындығы – сүйектің орнын ауыстыру 40 градустан жоғары болды, сондықтан ортопедтерге жамбас буынын буын капсуласының тамырларына зақым келтірместен шығарып, деформацияны түзетіп, ештеңеге зақым келтірмеу үшін орнына қою керек болды.

Өз кезегінде Шенол Бекмез: «Отаны жасамау мүмкін емес, өйткені бала өмір бойы ақсаңдап қалады, ал алдағы 10 жылда ерте артроз, деформация және эндопротездеу қажеттілігі туындайды» деп атап өтті. Аурулардың 90%-ы емделмеген жағдайда артрозға әкеледі. Сондықтан бұл ота протездеу үшін көлемді хирургиялық араласуды болдырмау немесе кейінге қалдыру үшін жасалуы керек. Бұл отаның негізгі міндеті – жүріс пен деформацияны түзету және жамбас буынын сақтау дейді мамандар.

МӘРТЕБЕ

АЛМАТЫ
АУРУХАНАСЫ –
ЕЛІМІЗ БОЙЫНША
КӨШБАСШЫ

Алматының №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы 2024 жылдың қорытындысында еліміз бойынша іргелі балалар ауруханалары арасындағы рейтингте бірінші орынды иемденді. Бағалау қорытындысын Денсаулық сақтау министрлігінің Салидат Қайырбекова атындағы ҰҒДСДО шығарды.

Бүгінгі күні ауруханада 285 орын бар. Оның құрамына стационарлық көмек көрсететін мамандандырылған бөлімдер мен профильдер кіреді. Клиника көпсалалы, ол соматикалық және хирургиялық сияқты барлық дерлік педиатриялық бағыттарды қамтиды. Сонымен қатар, №2 БҚКА-да қаладағы жалғыз балалар гематологиясы, балалар эндокринологиясы бөлімдері және бронх-өкпелік дисплазиямен ауыратын балалармен айналысатын жалғыз бөлім бар.

Көпсалалы клиникада кішкентай емделушілеріне тек білімі мен тәжірибесін ғана емес, мейірімін де сыйлайтын, ортақ мақсатпен жиналған пікірлес адамдардан құралған жоғары кәсіби ұжым жұмыс істейді. Ауруханада 690 қызметкер бар, олардың 137-сі дәрігер, оның 8-і Алматы қаласының бас штаттан тыс педиатры.

№2 клиникалық ауруханасы Алматының ғана емес, еліміздің барлық аймағынан емделуге келетін балаларды қабылдайды. Жыл сайын «Қабылдау бөліміне» 80 мыңға жуық науқас келеді, оның 14 мыңға жуығы ауруханаға жатқызылады.

Клиника мамандары медицина ғылымының соны жетістіктерін, халықаралық стандарттарға сай жоғары сапалы жабдықтарды, үздік инновациялық технологияларды енгізуді пайдалана отырып, нейрохирургия, травматология, хирургия бойынша бірегей оталар жасайды.

Марат Рабандияровтың басшылығындағы балалар ауруханасы 2021-2022 жылдары Ұлттық бизнес-рейтингтер одағының шешімімен «Денсаулық сақтау мақтанышы» мәртебесін алған. Ал 2022 жылы «Алтын шипагер» сыйлығын иемденген. Енді міне, республика бойынша ең үздік атанып отыр.

МӘМС

МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОҢАЛТУ ҚЫЗМЕТІ
аяққа тұрғызады

Бүгінде медициналық оңалту – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіндегі бағасы қымбат әрі ең сұранысқа ие қызметтердің бірі.

Биыл Алматы қаласы бойынша МӘМС пакеті шеңберінде көрсетілетін реабилитациялық қызметтерге 8 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Қызметті мегаполистегі 81 емдеу мекемесі көрсетеді. Медициналық оңалту туралы бізге Медициналық сақтандыру қорының Алматы филиалы өкілдері жан-жақты айтып берді.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ
КІМДЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Реабилитациядан: негізгі немесе созылмалы ауруды емдеу қажет болғанда; инсульт, т.б. сынды ауыр науқастардан кейін; кейбір хирургиялық операциялардан кейін; жарақат алғаннан кейін; сырқат салдарынан адамның қимыл-қозғалысы шектелген жағдайларда өтуге болады.

ПАЦИЕНТ БҰРЫН ОҢАЛТУДАН ӨТПЕГЕН.
НЕДЕН БАСТАҒАН ЖӨН?

Бірінші кез келген пациент медициналық қызметке жүгіну үшін ең алдымен тіркелген емханасына барады. Сосын емдеуші дәрігер реабилитолог маманнан немесе мультидисциплинарлық топ мамандарынан консультация алуға жібереді. Олар аурудың пайда болуы мен күшею қарқынына, сырқаттың денсаулық жағдайына байланысты мәліметтерді ескере отырып, оңалтуға деген қажеттілік бар-жоғын айқындайды. Бастапқы реабилитациялық диагноз қойып, пациент денсаулығын қалпына келтіру жоспарын, курстың мерзімін, т.б. анықтайды. Егер кешенді тексеру нәтижесінде реабилитация тиімді деп табылса, пациент оңалтудан амбулаторияда, стационарда, стационарды алмастыратын емдеу мекемесінде, үйде өте алады. Жоспарлы түрде ем қабылдайтын пациент стационарға «Ауруханаға жатқызу бюросы» порталы арқылы жатқызылады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ
ҚАНША КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ?

Үш кезеңнен тұрады. Біріншісі ауруы асқынып тұрған науқастарға, хирургиялық операция жасатқан, жарақат алған адамдарға арналған. Ол стационарлардың құрылымдық бөлімшелерінде жүргізіледі. Егер ауруханаға жатқызу қажет болмаса, медициналық көмек көрсетілгеннен кейін және негізгі ауру емделіп болғаннан кейін пациент оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіне жіберіледі.

Оңалтудың екінші кезеңі мамандандырылған бөлімшелерде немесе республикалық денсаулық сақтау ұйымдары, мамандандырылған оңалту орталықтары мен көпбейінді стационарлар базасында өтеді. Бұл кезең ауру басталған сәттен бастап алты ай ішінде жүргізу қажет.

Үшінші кезеңде медициналық оңалту емхана-амбулатория деңгейінде, күндізгі және тәулік бойғы стационарларда, оңалту орталықтарында, санаторийлер мен курорттарда, үйдегі стационар жағдайында, сондай-ақ қашықтықтан жүргізіледі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



29 наурызда Алматыдағы Орталық әскери спорттық клубында самбодан ҚР күштік құрылымдары арасында республикалық ашық біріншіліктің финалдық кездесуі өтті.



Нұрлан
СҮЙІН

Бұл сайыс – еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген азаматтардың спорттағы шеберлігін, ептілігі мен күшін сынайтын дода. Турнирдің мақсаты – күштік құрылым қызметкерлерінің арасында саалауатты өмір салтын насихаттау және патриоттық рухты арттыру. Айта кетейік, аталмыш турнирге еліміздің әр өңірінен құқық қорғау органдары мен әскери құрылым өкілдері қатысуда.

Жарысқа қатысушылар өз шеберліктерін ортаға салып, самбо күресінің техникаларын жоғары деңгейде көрсетті. Әсіресе, шешуші кездесулер спортсүйер қауымның назарын аударды. Республикалық жарыстың ашылу салтанатына елдің жоғары лауазымды тұлғалары мен қоғам қайраткерлері қатысты. Құрметті қонақтар қатарында ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов, Қарулы күштердің ардагері, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Ермұрат Бапи мен Айдос Сарым, сондай-ақ еліміздің танымал спорт ардагерлері болды.

Мұндай ірі деңгейдегі жарыс – әскери қызметкерлер үшін кәсіби даярлықпен қатар, рухани құндылықтарды дәріптеудің де таптырмас құралы. Іс-шара барысында сөз алған спикерлер жас ұрпаққа үлгі болатын осындай бастамалар жалғасын табуы тиіс екенін атап өтті.

Самбо – тек спорт емес, ол – тәртіп пен табандылықты, отансүйгіштікті талап ететін күрес түрі. Осы турнир арқылы ұйымдастырушылар жас буынға патриоттық тәрбие беруді, күштік құрылым өкілдері арасында достық пен әріптестік байланысты нығайтуды көздеп отыр. Бұл – ел болашағы үшін маңызды қадам.

Финалдық жекпе-жектер басталмай тұрып, турнирге келген мықтылар алдында шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Қазақ күресінен әлем чемпионы капитан Ғұмар Қырғызбаев, Қазақ күресінен екі дүркін әлем чемпионы Есентай Имаханов және самбодан әлем чемпионатының

жүлдегері Арнұр Қуатай боз кілемдегі әдіс-тәсілдердің (аудару, партерде ұстау,

КҮРЕС

Нұрқожа мен Жәмилә – Азия чемпиондары!

Қазақ балуандары Иорданияда жеңіс туын желбіретті



(Суреттер: olympic.kz).

есебімен жеңіске жетіп, үш дүркін Азия чемпионы атанды. Бұған дейін ол құрлық бәсекесінде 2019 жылы Сианьда, 2021 жылы Алматыда жеңімпаз атанған.

Қазақтан шыққан тағы бір әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан еркін күрестен Амманда (Иордания) өтіп жатқан Азия чемпионатында екінші орын алды. Отандасымыз 97 келіге дейінгі салмақта ел намысын қорғады. Жартылай финалда Иран спортшысы Мобин Азимиді жеңіген спортшымыз финалда жапондық Араш Йошидаға есе жіберді. Сонымен қатар, 86 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Болат Сақаев та Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Ол ақтық сында Иран спортшысы Абольфазл Рахманиден айласын асыра алмады. Ал 92 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Шерзод Пойоновты жеңген Азамат Дәулетбеков қола жүлде жеңіп алды.

– Жоспар бойынша 1 алтын, 1 күміс, 3 қола деп жоспарлаған едік. Бұл мақсатты орындадық. Жігіттер өз дайындықтарын көрсетті. Жалпы нәтиже жаман емес. 79 келіде Дәулет Ергеш жүлделі болады деп сенген едік, бірақ орындалмай қалды. Әйтпесе, жігіттердің бәрі жоспарларын орындады, – деді еркін күрестен Қазақстан құрамасының бас бапкері Мадия Құрамысов.

тын команда 1 алтын, 1 қолаға ие болды.

Еркін күрестен Амманда өткен Азия чемпионатында әлем чемпионы Нұрқожа Қайпанов топ жарды. 74 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған отандасымыз шешуші кездесуде Қырғызстан спортшысы Орозбек Токтомамбетовпен белдесті. Нәтижесінде Нұрқожа Қайпанов 2:1

Жәмилә Бақбергенова 72 келі салмақта әйелдер күресінен Азия чемпионатының жеңімпазы атанды. Қазақстандық команданың көшбасшысы жартылай финалда әлем чемпионы Масако Фуруичиді, ал ақтық сында Қытай спортшысы Юйци Люді еш мүмкіндік бермей жеңді. Осылайша Жәмилә Бақбергенова 4 дүркін Азия чемпионы атанды, ол – мұндай жетістікке жеткен үшінші қазақ палуаны. Оған дейін әйелдер арасында Татьяна Аманжол мен Гюзель Манюрова бозкілемде дес бермей, Әнұранымызды 4 реттен шырқатқан.

Одан бөлек, 53 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Зейнеп Баянова әйелдер күресінен Азия чемпионатында қола медаль жеңіп алды. Қола медаль үшін өткен белдесуде Зейнеп моңғолиялық Отгонтуу Чинболдты 10:4 есебімен жеңді. Осымен әйелдер күресінен Азия чемпионаты мәресіне жетті. Қайрат Сағадиев баптай-

МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ

Денис Теннің ізімен:

Шайдоров әлем біріншілігінде күміс алды

М.Шайдоров АҚШ-та күміс медаль жеңіп алды

20 жастағы Алматы тумасы АҚШ-тың Бостан қаласында еліміздің мәнерлеп сырғанау тарихындағы маңызды жетістікке қол жеткізді.



(Сурет: olympic.kz)

Отандасымыз сенімді өнер көрсетіп, қысқа және еркін бағдарламаларда жоғары деңгейде сырғанаумен көзге түсті. Жалпы 287.47 ұпай жинаған Шайдоров әлем біріншілігінде екінші болды. Америкалық Илья Малинин 318,56 ұпаймен алтын алса, жапондық Юма Кагияма 278,19 ұпаймен үздік үштікті түйіндеді.

Михаил Шайдоровтың жүлдесі – Қазақстан мәнерлеп сырғанау тарихындағы үшінші медаль. Бұған дейін Денис Тен әлем чемпионатында 2013 жылы күміс, ал 2015 жылы қола медаль иеленген еді.

Айта кеткен жөн, бұл – алматылық спортшы үшін осы маусымдағы екінші ірі жеңісі. Бұған дейін ол төрт құрлық чемпионатында топ жарып, 2015 жылы дәл осы жарыста жеңіске жеткен

Денис Теннің жетістігін қайталаған еді. Енді ол ресми түрде Олимпиада жолдамасына ие болып, Миланда Қазақстан намысын қорғайтын болады.

Сондай-ақ, Бостандағы әлем біріншілігінің нәтижесі бойынша қазақстандық Софья Самоделкина 2026 жылы өтетін Олимпиадаға жолдама алды. Мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама мүшесі әлем чемпионатында үздік 20 спортшының қатарына енді.

Еске салайық, АҚШ-та өткен әлем чемпионатындағы әйелдер бәсекесіне араға алты жыл салып ұлттық құрама мүшесі алғаш рет қатысты. Жарыстың еркін бағдарламасында 24 спортшы бақ сынады.

**Әзірлеген
Досбол АТАЖАН**



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 8 айға – 4907,20 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 8 айға – 10524,96 (қала), 6427,20 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 8 айға – 3147,20 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ӘДЕБИ КЕШ



«НАУРЫЗҒА ҒАШЫҚ ҚАҢТАРМЫН»

Көктемнің жайма-шуақ күнінде Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің ұйымдастыруымен, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, ақын, ғалым Әділғазы Қайырбековтің 70 жылдық мерейтойына арналған «Наурызға ғашық Қаңтармын» атты әдеби жыр кеші өтті.

Кеш тізгінін Түркі мемлекеттерінің халықаралық «Назар чиір ақшамлары» фестивалінің дипломанты, Қырғыз Республикасының «Молда Бағыш» атындағы және халықаралық «Илхам» сыйлықтарының лауреаты, ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы ұстады. Кеште Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбековтің, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының бастығы Айдар Есенбековтің құттықтаулары оқылды. Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Бейсенбайұлы ақын иығына зерлі шапан жапты. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегман, жазушылар Марат Тоқашбаев, Қуандық Түменбай, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қауымдастырылған профессоры Ерлан Қасен, тарихшы мұғалім Мәдениет Мәженова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы колледжінің оқытушысы Балауса Ағыман мерейтой иесіне деген өздерінің ізгі ниет, ақ тілектерін білдірді.

Ақын кешке қатысушыларға өзінің «Сөз», «Наурызға ғашық Қаңтармын», «Қыздарменен дос болуға бола ма?», «Қар жауған күн», «Анамның ақ сүті», «Наурыздың нұры», т.б. жыр шумақтарын ұсынды. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясы колледжінің студенттері ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Әнші Еркін Шүкімән «Ән ғұмыр» (әні мен сөзі Ә.Қайырбековтікі) және әнші Е.діріс «Абайдың өлеңі» (сөзі Ә.Қайырбековтікі, әні Кентау Назарбектікі) орындады. «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық бірлестігінің мүшелері халық әндерін шырқады. Наурыз мерекесіне орай дайындап әкелген шашуларын шашты. Кеш соңында Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Құдайбергенқызы ақынды мерейтойымен құттықтап, шығармашылық мол табыс тіледі. Музей кешенінің ғылыми бөлім жетекшісі Назгүл Амангелдіқызы іс-шараға қатысушыларға Бірлестік директорының Алғыс хаттарын тапсырып, ақынның «Назқоңыр», «Көк дәптер» кітаптарын сыйға тартты. Көрермендер кеш соңында ақыннан қолтаңба алып, естелік суретке түсті.

Рашида ОТАР,
Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің ғылыми қызметкері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

БАСПА ЖӘНЕ СУЫҚ ТИЮ

Суық тию – диагноз емес. Суық тигенін мұрынның бітелуінен, тамақтың ауырғанынан, жөтелден, бас ауруы мен әлсіздіктен білеміз. Кейде дене қызуы да көтеріледі.

Салқын тигеннен болатын ауру – жоғарғы тыныс жолдарының инфекциясы, әдетте мұрынға, тамаққа, көмейге немесе кеңірдекке әсер етеді. Көбінесе ол өткір түрінде көрінеді – жедел назофарингит, жедел синусит, жедел фарингит, жедел тонзиллит, жедел ларингит. Суық тиюдің себебі вирустар болып табылады. Суық тиюді тудыратын вирустардың 200-ге жуық кіші түрлері белгілі, көбінесе риновирус қоздырғышы кездесетіні белгілі. Әрі қарай жұқтыру жиілігі бойынша коронавирус, тұмау вирустары, парагрипп вирустары, аденовирустар және энтеровирустар тұр.

Салқын түскеннен кейін климаттың ауысынан тамақ аурулары күрт белең алып кетеді. Әсіресе, баспа ауруы жиі бас көтереді. Әдетте, «Баспа тамаққа суық тигеннен пайда болады» деген түсінік қалыптасқан. «Аузыңды ашпа, тамағыңа суық тиеді», «Суық су ішпе, балмұздақ жеме, тамағың ауырады» деген сөздерді ата-аналардан жиі естіп жатамыз.

Баспа (ангина) – қоздырғыштары инфекциялық микроағзалар стрептококк пен стафилококк болып табылатын ауру. Бұл бактериялар ауа тамшылары арқылы беріледі, демек, бала мектептен, автобустан немесе басқа бір қоғамдық орындардан ауру жұқтыруы мүмкін. Инфекциялық таяқшалардың тірілуіне мынадай жағдайлар әсер етуі мүмкін: иммундық қызметтердің төмендеуі, дұрыс тамақтанбау, белгілі бір аурумен ауырып тұрғаннан кейін ағзаның әлсіреуі, суық тию, шаршау.

Ауырған адамның организмі әлсірейді, табеті болмайды. Дене қызуы күрт көтеріліп, қалтырайды. Тамақтың ауыруы бірден байқалмайды. Ол тек екінші, үшінші күндері пайда болады. Жұтыңғанда тамақ ауырады. Егер сырқат асқынып бара жатса, оған мына белгілер қосылады: мұрыннан су ағу, жөтел, тамақтың қырылдауы, лимфа түйіндерінің үлкеюі, көздің жасаурауы, конъюнктивит. Егер науқас баспаны өз бетінше емдеп, ауру асқынса, жүрек бұлшық етінің ревматизмдік зақымдалуы, бүйрек ауруы, пиелонефрит, гломерулонефрит, буын ауруы артрит сияқты сырқатқа шалдықтыруы мүмкін.

ЖРВИ, суық тию кезінде және баспа ауруын толықтай емдеу үшін дәрігерге уақытында қаралып, дәрігердің тағайындаған емін қабылдауы керек. Содан кейін дәрігер тағайындаған дәрілерді қабылдау керек, сонымен қатар төсек режимін сақтау керек.

Аурудан тез айығудың ең тиімді жолы – дұрыс тамақтану. Кез келген ауруға шалдыққан баланың табеті төмендейді. Алайда, ағзаға вируспен күресу үшін және қайта қалпына келу үшін қоректік заттар қажет. Тамағы ауырып тұрған балаға сұйық әрі жылы сусындар берген жөн. Лимон қосылған шай, морс, компот, езбе мен көкөніс сорпасы пайдалы.

Қарапайым суық – бұл жиі кездесетін жағдай, сондықтан көп адамдар суық тиген жағдайда, сондай-ақ тамақ ауруы мен оның басқа белгілеріне мән бермейді. Сол үшін ауыр асқынуларға әкелмес үшін уақытылы емделу үшін дереу дәрігерге қаралу маңызды.

Ф.КУЗЕМБАЕВА,
Теміржол және су көлігінде
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау бөлімінің бас маманы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.**
Нөмірдің таралымы –
11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.

ТАБИҒАТ

Құс қайтып оралды Алматыға...

Әлем халқы 1 сәуір күнін «Халықаралық құстар күні» ретінде атап өтеді. 1906 жылы Халықаралық құстарды қорғау туралы конвенция жарияланып, бүкіл әлем осы күнді құстарға арнау үшін шешім қабылдаған еді. Міне, арада ғасырдан астам уақыт өтсе де, табиғат жанашырлары бұл күнді еш атаусыз қалдырған емес.

Рая
ЕСКЕНДІР

Орнитологтардың зерттеуінше, дүние жүзінде құстардың он мыңдай түрі бар екен. Таяу ғасырлардың өзінде талай құстардың тұқымы жойылып кеткенін де айтады. Ал Қазақстанда құстың 500-ге жуық түрі мекендейді. Осы құстың қатары көбейіп, күз айларында шамамен, 18–20 миллионға дейін жететін көрінеді. Дегенмен, бұл сан тұрақты бола бермейді. Халқымыздың «Балапанды күзде сана» деген тәмсілі сірә, осындайда айтылса керек.

Жалпы, құстардың көбейгені елге де, жерге де пайдалы. Құстар орман, жер зиянкестерімен қоректеніп, ауыл шаруашылығына орасан пайдасын тигізеді. Бау-бақшаның зиянды жәндіктерінен де құтқаратын осы құстар. Құстардың эстетикалық мәні біздің өміріміздің мазмұнына айналған. Отбасын ұяға, мектепті білім ұясына, баланы балапанға, табылмайтын зәрі дүниемізді «құс сүтіне», ғашықтарды аққуға, ер-азаматты қыранға, әншіні бұлбұлға теңеп жатамыз.

Айта берсеңіз, теңеу де, оған мысал да көп. Ертегілерде құсты адамның досына теңейді. Демек, құс – ерте заманнан-ақ ата-бабамыздың серігіне, адасқанда жол көрсетер бағдарына айналған.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Құстарды тақырып еткен шығармалар халқымыздың бай фольклорынан да, ән-күйлерінен де мыңдап кездеседі. «Қоңыр қаз», «Аққу» күйлері, «Бұлбұл», «Бозторғай», «Қарғам-ау», «Қара торғай» әндері еш уақытта ұмытылмас асыл жауһарларымыз болып сақталған. Құстарды тұтас шығармашылығының арқауы еткен композитор ақындарымыз да бар.

Ең қызығы, өмірде құстар жайлы өшпес шығармалар жазып, өзі де «Құстар әнімен» аттанған Н.Тілендиев дәл осы 1 сәуір – «Құстар күнінде» өмірге келген. Ал Есенғали Раушановтың «Құстар біздің досымыз», «Періштелер мен құстар» сынды жинақтары лағыл-дүр жырларымен оқырман көңіліне жол тапқан.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЖАҚАНҰЛЫ, Оқушылар сарайының экология-биологиялық бөлімінің басшысы:

Жыл сайын елімізде жыл құсын таңдау үрдісі бар. Мәселен, бір жылы қарлығашты таңдаса, бір жылы көкқұс таңдалады. Келесі жылы қарлығаш, сосын бозторғай дегендей... Қазір қала бойынша құстар күніне орай, барлық ауданында «Құстар – біздің досымыз» атты акция өтіп жатыр. Оған мектеп оқушылары мен ұстаздар, Табиғи ресурстар басқармасы мен экологиялық инспекция өкілдері белсене қатысып жатыр. Оқушылар қаламыздағы демалыс саябағы аумағында өз қолдарымен дайындалған құс ұяларын ағаштарға іліп, қамқорлық танытса, бұл да «Таза Қазақстан» акциясына қосып жатқан үлесіміз. «Құстар күні» аясында Оқушылар сарайында зоологтар мен орнитологтар оқушыларға арнайы шеберлік дәрістерін өткізіп жатыр.

БРИФИНГ

СИРЕК ЖАНУАРЛАР СЕНІМДІ ҚОРҒАУДА

Отандық ғалымдар мен мемлекеттік органдардың күш-жігерінің арқасында кейінгі онжылдықта сирек кездесетін жануарлардың жойылып бара жатқан бірқатар түрінің таралымын едәуір ұлғайтуға қол жеткізілді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл туралы Алматыда орналасқан ҚР Зоология институтының бас ғылыми қызметкері, ҚР Қызыл кітабының бас редакторы Роман Яценко Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

«Бүгінгі күні елімізде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар тізімінде 227 түр тіркелген. Алматы символдарының бірі – қар барысын сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде оның Қазақстандағы мекендейтін жерлерінің 70%-ға жуығы қорықтардың қорғауында. Жабайы табиғатта жануарлардың мінез-құлқын зерттеу және



бақылау мақсатында ғалымдар фототұтқыштар мен спутниктік телеметрияны пайдаланады. Қазірдің өзінде 11 қар барысына спутниктік қарғыбау берілді», – деді спикер.

Жүйелі іс-шаралардың арқасында Қазақстандағы қар барысының саны 1990 жылдардағы 80–100-ден бүгінде шамамен 160–180-ге дейін өсті.

Сонымен қатар, Роман Яценко 2003 жылы Қазақстанда киіктердің саны 21 мыңды құрған болса, бүгінде бұл көрсеткіш 4 миллионға өскенін атап өтті.

«Қазір киіктердің әлемдік популяциясының 99%-ы Қазақстанда тұрады, ал Табиғатты қорғаудың халықаралық одағы бұл түрдің мәртебесін «Құрып кету шегіндегі» түрінен «Қауіп-қатерге жақын» түріне дейін көтерді.

Сондай-ақ, спикер дуадақты, сұңқарды сақтау бағдарламалары да табысты жүзеге асырылып жатқанын айтты.